

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 99 – 105

CATEGORY OF MORTGAGE, TO TIME AND DEGREE IN WRITING MONUMENTS

H. V. Masimova

MES RK CS R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Keywords: writing monument, verb, grammatical category, category of mortgage, category of mood, category of time.

Abstract. The language of written sources has become a link between medieval Turki and modern Turkic languages. Research of certain morphological features of the written monuments is of great significance for determination of historical interactions, formation and development of medieval and modern Turkic languages. When comparing language of the «Tawarih-i musiqiyun» (XIX c.) with medieval and modern Uighur languages, including textual morphological peculiarities of the monuments, one can reveal continuity between an Old Uighur written literary language and modern Uighur language. The article also examines gramatical forms of the «Tawarikh-i mussiqiyun»' language. Research on the grammatical forms of the verbs in «Tawarikh-i mussiqiyun» shows that starting from the second half of the XIX century, there occurs a transformation from literary traditions of Old Uighur language to the norms of the modern Uighur language.

УДК 811.512.122/366.58

ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ РАЙ ЖӘНЕ ЕТІС, ЖАҚ-САН КАТЕГОРИЯЛАРЫ

X. B. Масимова

ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: жазба ескерткіш, етістік, грамматикалық категория, етіс категориясы, рай категориясы, шақ категориясы.

Аннотация. Жазба ескерткіштер тілі орта ғасыр және қазіргі түркі тілдерін байланыстыратын маңызды саты болып табылады. «Тәварих-и мусикиун» (XIX ғ.) тілінің орта ғасырлық және қазіргі ұйғыр тілімен салыстыру барысында аталмыш жазба ескерткіште морфологиялық ерекшеліктердің сабақтастығы анықталды. Мақалада «Тәварих-и мусикиун» жазба ескерткіш тіліндегі етістіктің грамматикалық формалары қарастырылады. «Тәварих-и мусикиун»дағы етістіктің грамматикалық формаларын анықтау нәтижесінде ұйғыр тілі XIX ғасырның екінші жартысынан бастап ескі ұйғыр тілі дәстүрлерінен алыстап, қазіргі ұйғыр сөйлеу тіліне жақындағаны көрінеді.

Проза жанырында жазылған шығармалар мәтіні поэзия жанрында жазылған шығармалар мәтінінен тіл ерекшеліктері бойынша ерекшеленеді. Сондықтан «Тәварих-и мусикиун» ескерткіші XIX ғасыр ұйғыр тілінің проза жанырында жазылған шығарма ретінде тіл білімінде жан-жақты зерттеуді талап етеді. Ескерткіштің нақты морфологиялық ерекшеліктерін зерттеу ескі түркі тілдері мен жаңа түркі тілдерінің тарихи байланысын анықтауда, сондай-ақ қазіргі ұйғыр әдеби тілінің қалыптасу, даму барысын айқындауда маңызы зор.

«Тәварих-и мусикиун» (XIX ғ.) ескерткіші тілін орта және қазіргі ұйғыр тілімен салыстыра отырып, ескі ұйғыр жазба әдеби тілі мен қазіргі ұйғыр әдеби тілі арасындағы сабақтастық ескерт-

кіштің мәтініндегі морфологиялық ерекшеліктері негізінде анықталады. Төменде «Төварих-и мусикиун» ескерткіші тіліндегі етістіктің рай, етіс, шақ категориялары және олардың грамматикалық ерекшеліктері қарастырылады.

Трактатта етістіктің ашық, бұйрық, қалау және шартты рай түрлері кездеседі.

Ашық рай. «Төварих-и мусикиунда» ашық рай етістіктердің өткен, осы және келер шақ формалары арқылы беріледі. Ашық райда өткен шақ, осы шақ, келер шақтардың әрқайсысы арнайы формаларға ие болады. Ашық райдағы әр кезең бірнеше формаға ие болып, бұл формалар сол шақ өрісінде түрлі мағыналарды білдіреді.

Өткен шақ. «Төварих-и мусикиунда» өткен шақ етістік формалары синтетикалық және аналитикалық жолмен жасалады. Өткен шақ етістігінің жасалуына төмендегідей жұрнақтар қатысады. *-ди, -ти.* Трактатта бұл жұрнақ жалғанған етістіктер жақ және жекеше, көпше қосымшаларымен төмендегідей түрленеді. I жақ жекеше түрі *-дим, -дум, -тум, -түм* қосымшаларымен өрнектеледі. М.: Бәлки улар мән кириқ йил Пәһливан Мүһәммәд Көштингир билән һәмсәһбәт болдум. Көпше түрі «Төварих-и мусикиунда» кездеспейді. II жақ жекеше түрінің *-диң* қосымшасы арқылы келуі 3 жерде кездеседі. М.: Сәна йүз шүкүр ярәб бизгә адил падишаһ қилдиң. Өткен шақ III жақ жекеше тұлға *-ди, -ти* қосымшасымен беріледі. М.: ... Заһириддин Бабрнің һозурида қалди. Кейбір сөйлемдерде бұл қосымшаның соңына *-лар, -ләр* жалғауы жалғанып, «құрмет, ізет» мәнінде қолданылады. А. Полат етістіктің III жақ формасында көптік жалғауының жалғануын «дәл көне ұйғыр тілінен келген сипат», – деп есептейді [1]. М.: Мирза Әбусәиднің бараһида бүйүк орун туттилар... . Көпше тұлға да жекеше тұлға сияқты *-ти, -ди* жұрнақтары арқылы жасалады. М.: Сәәтидин кейин биһушларгә гудаблар сепилди. Дафни Суләйман Әләйһисәламгә дивәләр ясап бәрди. Көпше тұлғада *-лар* қосымшасы жалғанады. М.: Икки йүзчә киши мусики фәнидә кәмәлат, мәһарат көрсәттилар.

Ескі ұйғыр тілінде кең қолданылған өткен шақ етістігінің *-миш* жұрнағымен жасалған формасы «Төварих-и мусикиун» трактатында кездеспейді. «Төварих-и мусикиунда» өткен шақтың *-кан+дур* формасы тек төмендегі сөйлемде ғана қолданылады. М.: Ул зәмандин бу зәманғәчә бәш миң сәккиз йүз әллиг йил өткәндур. Сондай-ақ трактатта өткен шақ формасы *-н* тұлғалы көсемшеге *-дур, -тур* көмекші етістіктің немесе II жақ жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалады. М.: Мирбузрук Тәрмизи атиғә бағлабдурким... .

Өткен шақ етістігінің аналитикалық формалары. Бұл трактатта етістіктің өткен шағының аналитикалық формалары етістіктің есім сөз формаларына *ирди* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады.

1) *-ған* тұлғалы есімшеге *ирди* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. М.: ... шағирдларигә тәәлм қилған ирди. Үзһал муқамики, ... биринжи, иккинжи, үчүнжи мәргәләриғичә кәшф қилған ирдилар.

2) *-ар, -әр, -р* тұлғалы есімшеге *ирди* және кейбір жерлерде *икан* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы өткен шақ формасы жасалады: Тәнбүргә қой, әчкүнің үчәй, фәйләрини ешип зәй қилип тар салур ирди т.б. «Төварих-и мусикиунда» «құрмет, ізет» мәнінде жұмсалатын немесе III жақ көпше формасын білдіретін *-лар, -ләр* қосымшасы негізінен көмекші етістікке, кейде негізгі етістікке жалғанады. М.: ... өзләри әйтқан ғәзәллар билән һәмд әйтип биһуш болур ирдилар. ... бу әзизни устазим дер ирдилар. Бұл жағдай XIV ғасыр жазба ескерткіштер тілінде де кездеседі [2, 15 б.].

3) «Төварих-и мусикиунда» бұл тұлғаның болымсыз түрі *-мас+ирди* формасында келеді. М.: Бабршаһ бирнәфәс айрилмас ирди. ... Қидирхансиз тәәам-шәраб тартмас, уйқуғә бармас ирди. Ескі ұйғыр тілінде бұл ережеге бағынбайтын жағдайлар да бар, яғни түбірден кейін ғана *-мам, -мәм, -ман, -мән* қосымшаларының жалғануы арқылы келген формалары да қолданылады. Алайда «Төварих-и мусикиунда» бұл тәрізді жағдай кездеспейді.

4) *-ур+икан, -ғай+ирди, -май-дур+ирди* тұлғалары «Төварих-и мусикиунда» сирек кездеседі. М.: Мәәлумдурким, бу әзиз Нәвайи һәзрәтларигә әхлак, әфһал, әқваллар хуш келур икан. ... бу әзиз билмәйдурған муқам аһәңләри, бу әзиз чалмайдурған әсбаби нәғәмәт йоқ дисә болғай ирди. Бу әзиз көпрақ әмир Низамиддин Әли шир Нәвайи һәзрәтлариниң ғәзәлиятларидин оқур ирди, аләм өтүп муниңдәк хуш аваз киши кәлмайдуур ирди.

5) *-n* тұлғалы көсемшеге *ирди* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалған форма трактат тілінде жиі кездеседі. М.: Чаһарғани мәвланә Тути Әләйһиррәһмәнің ушбу ғәзәлләриғә *бағлан ирди* т.б.

Өткен шақ етістігінің аналитикалық формалары жазба ескерткіштер тілінде түрліше қолданылады. Мысалы, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде *-мыш+әрди*, *-р+әрди* (*-маз+әрди*), *-даци+әрди* формалары [3, 65–66 б.], көне ұйғыр тілі ескерткіштерінде *-мыш+әрди*, *-ды+әрди*, *-йуқ+әрди* (*-дуқ+әрди*), *-б+әрди*, *-р+әрди*, *-ғай+әрди*, *-айын+әрди*, *-сун+әрди* формалары [4, 80–83 б.], XII–XIV ғасыр жазба ескерткіштер тілінде *-мыш+әрди*, *-ды+әрди*, *-дуқ+әрди*, *-ған+әрди*, *-б+турур+әрди*, *-б+әрди*, *-р+әрди*, *-а/-ә+турур+әрди*, *-ғай+әрди* формалары [5, 181–190 б.] өнімді қолданылады.

Осы шақ. «Тәварих-и мусикиунда» осы шақ етістігін жасауда түбірге *-р*, *-ур*, *-ар* есімше жұрнақтары қатысады. М.: Һәйван тилсизликдин жәфа-мушәккәтғә *учрар*, инсан тилидин бәла-мусибәткә *учрар* диган мәзмун ирди. Бұл тұлғаның болымсыз формалары *-мәс*, *-мәс+мән* арқылы жасалады. М.: Ол айдики, мән тәнбүр челишни *билмәсмән...* т.б.

Көне және ескі ұйғыр тілінде көп қолданылған осы шақты білдіретін *ала+турур+мән*, *ала+дур+мән* түріндегі формалар «Тәварих-и мусикиунда» кездеспейді. Ескі ұйғыр тілінде көп қолданылған *ала+мән* [5, 191 б.] формасы «Тәварих-и мусикиунда» бір ғана сөйлемде кездеседі. М.: ...тәнбүр алип берин деп хәфа қилип алдурди, қизим *чалиду*. Бұл форманың болымсыз тұлғасы төмендегі сөйлемдерде кездеседі. М.: ...мән Нәвайи, Фузули, Зәлилиниң шеирларидин өзгәни *оқумаймән...*

Зат есімге *ерур* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалған осы шақ «Тәварих-и мусикиунда» өте сирек кездеседі. М.: Зәманики бу ноъи адаләт *ерур*.

Трактат тілінде етістіктің ауыспалы осы шағы *-а*, *-ә*, *-й* тұлғалы көсемшенің болымсыз тұлғасына *-дур*, *-ду* қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. М.: ...уларниң һәр бириниң әһвалатини бәян қилсақ, бу қисқа рисаләгә *сигмайду*.

Келер шақ. Бұл трактатта келер шақ етістік түбірге *-ғай*, *-гәй*, *-қай*, *-кәй* қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. М.: Султан Мәһмуддин сордики, тәнбүрни челип *бәргәй*. Сондай-ақ келер шақ *-ғай*, *-гәй*, *-қай*, *-кәй* қосымшалары I, II жақ жекеше, көпше қосымшалары арқылы да беріледі. М.: Таким аниң ишқидә тәнбүрүмни *алғаймән*. Аниң сөзин сағинғанда мун *чалғаймән* т.б. Көне және ескі ұйғыр тілінде жиі қолданылған келер шақтың *-асы*, *-әси*, *-дачы*, *-дәчи* [5, 193–194 б.], *-ысар*, *-исар*, *-усар* [6, 183 б.] формалары «Тәварих-и мусикиунда» кездеспейді.

Бұйрық рай. Ескі ұйғыр тілінде бұйрық рай I жақ жекеше түрінде *-ай* *-әй* жұрнағы арқылы беріледі де, «Тәварих-и мусикиунда» *-ай* формасы ғана қолданылады. М.: Мән қарап *турай*.

Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде бұйрық райдың II жақ жекеше формасы ешбір морфологиялық форманың көмегінсіз-ақ жасала береді және етістік түбірінен немесе етістік негізінен ерекшеленбейді. Н.Сауранбаев: «В казахском языке, как и во всех тюркских языках, II лицо единственного числа, повелительного наклонения совпадает с основой глагола I и III лица этого наклонения, как и всякая форма глагола... образуется от формы II лица, единственного числа. В первоначальной форме глагола есть два лексико-семантических признака. Во-первых, она обозначает определенное лексическое понятие о действиях, во-вторых, ей присуще понятие лица, то есть, действие обращено говорящим ко II лицу. Когда же мы говорим *жаз* (пиши), то мы воспринимаем понятие об определенных действиях и в то же время обращаем это действие ко II лицу. При этом значение лица не обозначено особой формой. Это своеобразие и специфика глагольной основы тюркских языков», – дейді [7, 276 б.]. Бұл пікірді түркітанушылардың көпшілігі қолдайды. Б.А.Серебрянников пен Н.З. Гаджиева: «Собственно повелительному принадлежит только формы II лица, единственного и множественного чисел. II лицо, единственного числа представляет собой чистую основу глагола: *ал*, *жаз* и т.д., которая иногда может сопровождаться различными усилительными частицами», – дейді [8, 209 б.]. Э.В. Севортян мен А.Н. Кононов та осы көзқарасты ұстанады. Басқа түркі тілдері сияқты ұйғыр және қазақ тілдерінде де түбір етістіктер (*оқи-*, *яз-*, *оқы-*, *жаз-*) бұйрық рай тұлғасындағы етістік болып саналады [9, 195 б.; 10, 300 б.]. Бұйрық райдың бұл формасы көне дәуірлерден қолданылып келеді. Мысалы, Орхон-Енисей және көне ұйғыр ескерткіштерінде, «Құтадғу білікте», «Хибәт-ул хәқайикта» бұл форма

жні жұмсалған. Бұйрық райдың қосымшасыз формасы «Төварих-и мусикиунда» да көрініс тапқан. М.: ... илим өрганишдин номус қилма, илимсизлиқдин номус қил.

Ескі ұйғыр тілінде бұйрық райдың II жағы *-гил, -гил, -қил, -кил* қосымшасы арқылы берілсе, «Төварих-и мусикиунда» *-гил* варианты ғана кездеседі. М.: ... чирайлық сөз қилип йүрүшни өргангил, яхши сөзни әйтүргә қудрәтиң болмаса, яхши сөзни әйткучидин өргангил... . *-гил, -гил, -қил, -кил* жұрнағы көне дәуірлерде түрліше сипатта қолданылған. Енисей ескерткіштерінде ұяң *-гыл, -гил* варианттары ғана қолданылса [3, 59 б.], көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде ұяң *-гыл, -гил* варианттарымен бірге қатаң *-қыл, -кил* варианттары да [1, 68 б.], қазіргі тілімізде *-гин, -гин, -қин, -кин* формалары түгелдей дерлік қолданылады, негізінен «жақындық» мәнін көрсетіп, өтінішті білдіреді [11, 298 б.].

Бұйрық рай III жақта *-сун* жұрнағы арқылы беріледі. М.: Қизиңиз челип бәрсун. Бұл жұрнақ шығармада екі жерде қолданылған. Көне ұйғыр тілінде кең қолданылған *-су, -сү* варианты «Төварих-и мусикиунда» кездеспейді.

Қалау рай. «Төварих-и мусикиунда» қалау рай төмендегідей тұлғада кездеседі:

1) Етістік негізіне *-гу* жұрнағы мен жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Мұндай мысал «Төварих-и мусикиунда» бір жерде ғана кездеседі. М.: Падиша бу хәтни бойлә кичик нарәсидә поткәнигә ишәнгүси кәлмәй... .

2) Қалау рай *-гай, -гәй, -қай, -кәй* жұрнағы арқылы жасалады. М.: ...яки бу фән барәсидин бир рисайил пүтүп шәһрәт тутқай... .

Сондай-ақ бұл рай *-гай, -гәй, -қай, -кәй* жұрнағына I және II жақ жіктік жалғаулары жалғану арқылы да беріледі. Бұл туралы Н.А. Баскаков: «...причастия на *-гәй* с личными местоименными аффиксами... выражает пожелание или приказание говорящего о совершении данного действия в будущем: *баргәайман баргәайсынъ, баргәай, баргәайсыз, баргәайлар*», - дейді [12, 104–105 б.]. М.: Таким аниң ишқидә тәнбүрүмни алгаймән.

Ескі ұйғыр тілінде қалау рай мәнінде көп қолданылған *-айын* жұрнағы «Төварих-и мусикиунда» кездеспейді.

Шартты рай. «Төварих-и мусикиунда» шартты рай формасы етістіктің түбіріне *-са, -сә* жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. Ескі ұйғыр тілінде кең қолданылған *алсамән, алсасән, алса* толық формалары [5, 169 б.]. «Төварих-и мусикиунда» тән емес. «Төварих-и мусикиунда» негізінен шартты райдың I, II жақ жекеше түрі және I, III жақ көпше түрі кездеседі.

	жекеше	көпше
I жақ	–	<i>-сәк, -сақ</i>
II жақ	<i>-саң</i>	–
III жақ	<i>-сә</i>	<i>-са</i>

М.: ...ушбу ғәрип фәннің саһиби кәшүфлари тарихидин бир рисалә пүтүп, сайир муғән-ниләргә ядкар қойсаң... . Мәһрәми билән тәшқәри чиқип, биз һили кәлсәк, деп...

Етістіктің болымсыз формасын жасайтын қосымшасының шартты рай жұрнағының алдынан келуі «Төварих-и мусикиунда» екі жерде кездеседі. М.: ...яхши сөзни әйтүргә қудрәтиң болмаса, яхши сөзни әйткучидин өргангил.

Етісті білдіретін жұрнақтар «Төварих-и мусикиунда», жалпы ескі ұйғыр тілінде, біріншіден, белгілі грамматикалық мағынаны білдірсе, екіншіден, сөзжасамдық қызметте жұмсалады. Сондықтан етістіктің етіс категориясы жайында ғалымдар пікірі екі түрлі принципке негізделеді. Кейбір ғалымдар етіс категориясында грамматикалық қасиет басым десе, енді біреулері сөзжасамдық қасиет үстем екенін айтады. А.М. Щербак етіс категориясының осы екі ерекшелігін ескеріп, етіс категориясындағы *-н, -ин, -ун, -үн, -л, -ил, -ул, үл* жұрнақтарды сөзжасам бөлімінде қарайды [13, 177 б.]. Жалпы алғанда, етістіктің етіс категориясының көрсеткіштері, бір жағынан, сөз жасайды, екінші жағынан, белгілі бір грамматикалық мағынада жұмсалады.

«Төварих-и мусикиунда» етіс категориясы бастауышқа деген түрлі семантикалық қатынасты білдіреді. Трактатта негізгі, өздік, ырықсыз, өзгелік және ортақ етістер кездеседі. «Төварих-и мусикиунда» *негізгі етіс* жұрнақтарсыз беріледі де басқа етістердің жасалуына негіз болады. Ескі ұйғыр тілінде *өздік етіс -н (-ин, -ун, -үн), -л (-ыл, -ил, -ул, -үл)* жұрнақтары арқылы беріледі.

Трактатта бұл жұрнақ етістіктің түбірі немесе негізінің жалпы сипатына сәйкес *-н, -л, -ул* жұрнақтарының көмегімен жасалады. М.: Бу ғәрип морға гоа тағ *йүкланди*, бу зәъиф хорға гоа асман *йиқилди* т.б. Ескі ұйғыр тілінде *ырықсыз етіс -л (-ыл, -ил, -ул, -үл), -н (-ин, -ун, -үн)* жұрнақтары арқылы беріледі. Трактатта бұл жұрнақтың *-ил, -ул, -үл, -н, -ин* варианттары ғана кездеседі. М.: Саъетидин кейин биһушларға гулаблар *сетилди*, шәраби сурурлар *ичурулди* т.б. Бұл мысалдарда етіс көрсеткіші іс-әрекеттің, қимылдың бірер құрал арқылы субъектіге тән болатынын білдіреді. Трактатта *өзгелік етіс* категориясының жасалуына ескі ұйғыр тіліне және қазіргі тілімізге тән жұрнақтар пайдаланылған. Өзгелік етіс *-т* жұрнағы арқылы жасалған. М.: *Түгәт* сөзни Мөъижиз ғәрип бинава. *-т* жұрнағы *-сә* жұрнағынан кейін жалғанып, өздік етіске айналады. М.: ... әйибинни сәңа *кәрсәткан* кишини дост билип, әзиз түт. Өзгелік етістің *-дур, -дүр, -тур, -түр* көрсеткіші трактат тілінде жиі қолданыс табатыны байқалады. М.: ... шәвқиң чәмәнида чәчәкләрни *күлдүргүчи* сән... . . . алип берин деп хәфа қилип *алдурди*... .

Ескі ұйғыр тілінде кеңінен пайдаланылған *-зур, -гүр, -қур, -күр* жұрнағының ішінде «Тәварих-и мусикиунда» *-күр* варианты кездеседі. М.: Пәһливанниң һозурларигә *йәткүрүр*. Өзгелік етістің *-ғуз, -гүз, -қуз, күз* жұрнағы бір буынды етістіктерге жалғанады. М.: ... Хотән диярларини абадигә аниң әвлади *йәткүзған*... т.б. «Тәварих-и мусикиунда» *ортақ етіс* жасайтын *-и* жұрнағы өте сирек қолданылады. М.: ... һәкимлар һәр қанчә чарә-тәдбир *қилишти*, ғайда болмиди.

«Тәварих-и мусикиун» тілінде етістіктің жақ-сан категориясы, жалпы алғанда, қазіргі ұйғыр тілінен айтарлықтай ерекшеленбейді. Бұл категория етістіктің шақ және рай категорияларымен байланысты болып, баяндауышты бастауыштың жақ-санымен сәйкестендіреді.

Бұл трактат тілінде етістіктің жақ-сан категориясы мағына және форма жағынан 2 түрде болады:

1. Етістіктің жақ-сан категориясы 3 жақта, жекеше, көпше түрде, жіктік жалғаумен түрленеді. Негізінен көсемше, есімше және кейбір рай формаларымен тіркескенде, сөйлемде предикативтік мағынаға ие болады. М.: ... мән тәнбүр челишни *билмәсмән*... . Ескі ұйғыр тілінде көп қолданылған I жақ көпше формасындағы *-биз* «Тәварих-и мусикиунда» кездеспейді. ... әдәбият мүлкиниң тути ширин *лисанидурсән*... (4-5). «Тәварих-и мусикиунда» жақ-сан категориясының II жақ көпше формасы тек *-сизлар* түрінде үш жерде қолданылады. М.: Ул айдиким хәлайикгә нәфьи йоқ сөз вә ишни *қилмигайсизлар*...

2. Жақ-сан категориясының екінші түрі предикативті мәнге ие болмайды. Олар көбінесе етістіктің ашық райынан басқа рай формаларына (мысалы, шарт, қалау райларына) жалғанып, субъект көрсеткіші ретінде қолданылады. Басқаша айтқанда, жақ-сан жұрнақтарының бұл түрі тек субъектінің жағын ғана көрсетеді де, жай сөйлемде басқа етістіктердің (негізінен көмекші етістіктердің) көмегінен предикатив мағынаға ие бола алмайды. «Тәварих-и мусикиунда» етістіктің жақ-сан категориясы тәуелдік жалғаулары арқылы беріледі. I жақтың жекеше формасы үшін *-м, -им, -ум, -үм* жалғауы қолданылады. М.: Ахир қудрәтимгә лайиқ, йстидадимға мувафиқ бу рисаләни *пүттүм*... . «Тәварих-и мусикиунда» II жақтың жекеше түрі тәуелдіктің *-ң* жалғауымен беріледі. М.: Сәңа йүз шүкүр ярәб бизгә адил падишаһ *қилдиң*. Сыпайы II жақ тұлға бір ғана сөйлемде кездеседі. М.: Ишәндим, мени һәжви *қилмисила*, диди. *-ңлар -ңизлар* жалғаулары арқылы жасалған II жақтың көпше түрі «Тәварих-и мусикиунда» 2 сөйлемде ғана кездеседі. М.: Әлишир һәкимгә *қилиңлар* дуға. Жекеше және көпше түріндегі III жақта қазіргі ұйғыр тіліндегідей ерекше көрсеткіштер жоқ. Алайда кейбір сөйлемдерде жекеше және көпше тұлғадағы сыпайы түрі *-лар* жалғауы беріледі.

Предикативтік мәнге ие емес етістіктің жақ-сан категориясы жекеше жай формада (М.: Мудәрислик мәскәнидин мәъзул болуп Заһириддин Бабурниң һозурида *қалди*), жекеше құрмет формасында (М.: Бу әзиз әввәл Бабр шаһниң һозурида хизмәт *қилдилар*), көпше жай тұрпатта (М.: ... биһушлар һошиғә *кәлди*) кездеседі.

Етістіктің жақ-сан категориясына тән өзіндік ерекшелікті былайша көрсетуге болады:

1. Етістіктің жақ-сан категориясы жіктік жалғауларымен түрленуі:

	жекеше түрі	көпше түрі
I жақ	<i>-мән</i>	–
II жақ	<i>-сән</i>	<i>-сизлар</i>
III жақ	–	–

2. Етістіктің жақ-сан категориясы тәуелдік жалғауларымен түрленуі:

	жекеше түрі	көпше түрі
I жақ	-м, -им, -ум, -үм	-к, -қ
II жақ	-ң	-ңлар, -ңизлар
Сыпайы түрі	-иңиз	
құрмет формасы	-ла	–
III жақ	–	-лар
құрмет формасы	-лар	

XIX ғасыр жазба ескерткіші – «Тәварих-и мусикиун» трактатының тілін қазіргі ұйғыр тілімен сабақтастыра қарастырудың нәтижесінде мынадай қорытындыға келуге болады:

Трактат тілінде ескі ұйғыр тілі формаларының қолданыстан шығып, біртіндеп қазіргі ұйғыр тілі формаларын қолданыла бастағанын көрсетеді. Ескі ұйғыр жазба әдеби тіліне тән графо-фонетикалық дәстүрлер және лексика-грамматикалық, морфологиялық көне (архаикалық) формалар Мөжизидің «Тәварих-и мусикиун» ескерткіші тілінде едәуір орын алғанымен, жазушы шығармасы негізінен жалпыхалықтық тілге негізделеді. Бұл өз кезінде ұйғыр тілі XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың бас кезінде ескі ұйғыр жазба әдеби мұралар тілінің дәстүрінен біртіндеп қол үзіп, қазіргі ұйғыр ауызекі сөйлеу тіліне жақындауға бет алғанын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Абдуруп Полат. Чағатай уйғур тили тәтқиқатидин илми мақалиләр. – Үрүмчи: Милләтләр нәшрияти, 1993. – 253 б.
- [2] Чайковская А.И. Тюркский глагол в арабоязычных грамматиках XIV в (категории залога, наклонения и времени). – Алматы, 1978. – 22 с.
- [3] Насилов В.М. Язык орхон-енисейских памятников. – М., 1960.
- [4] Насилов В.М. Древнеуйгурский язык. – М., 1963. – 98 с.
- [5] XIII–XIV асрлар туркий адабий едгорликлар тили. Морфология. Масъул мухаррир: Э.И.Фазилов. – Тошкент: Фан, 1986. – 288 б.
- [6] Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI–XIV вв. – М.: Наука, 1989. – 283 с.
- [7] Сауранбаев Н. Проблемы казахского языкознания. Избранные труды. – Алматы: Гылым, 1982. – 344 с.
- [8] Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М.: Наука, 1986. – 302 с.
- [9] Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. Морфология. – Алматы: Гылым, 1967. – 264 б.
- [10] Строй уйгурского языка. – Алматы: Наука, 1989. – 471 с.
- [11] Хәмит Төмүр. Һазирқи заман уйғур тили. Морфология. – Үрүмчи, 1986. – 430 б.
- [12] Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты. Грамматика, тексты и словарь. – М.-Л.: Наука, 1940. – 271 с.
- [13] Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. – М.-Л., 1962. – 276 с.

REFERENCES

- [1] Abdurup Polat. Chaghatay uyghur tili tetqiqatidin ilmiy maqaliler. Ürümchi: Milletler neshriyati, 1993. 253 p.
- [2] Chaykovskaya A.I. Almaty, 1978. 22 p. (in Russ.).
- [3] Nasilov V.M. Language of the Orkhon-Yenisey monuments. M., 1960. (in Russ.).
- [4] Nasilov V.M. Old Uighur language. M., 1963. 98 p. (in Russ.).
- [5] XIII–XIV asrlar turkiy adabiy edgorliklar tili. Morfologiya. Mas'ul mukharrir: E. I. Fazilov. Toshkent: Fan, 1986. 288 b.
- [6] Nadjip E.N. Research on the history of Turkic languages in XI-XIV centuries. M.: Nauka, 1989. 283 s. (in Russ.).
- [7] Sauranbaev N. Problems of Kazakh linguistics. Selected works. Almati: Gylym, 1982. 344 p. (in Russ.).
- [8] Serebrennikov B.A., Gadjieva N.Z. Comparative-historical grammar of Turkic languages. M.: Nauka, 1986. 302 p. (in Russ.).
- [9] Qazaq tilining grammatikasi. I bölim. Morfologiya. Almaty: Gylym, 1967. 264 p. (in Kaz.).
- [10] Structure of Uighur language. Almaty: Nauka, 1989. 471 p. (in Russ.).
- [11] Khemit Tömür. Hazirqi zaman uyghur tili. Morfologiya. Ürümchi, 1986. 430 b.
- [12] Baskakov N.A. Nogai language and its dialects. Grammar, texts and vocabulary. M.-L.: Nauka, 1940. 271 p. (in Russ.).
- [13] Sherbak A.M. Grammar of Old Uzbek language. M.,-L., 1962. 276 p. (in Russ.).

**КАТЕГОРИЯ ЗАЛОГА, ВРЕМЕНИ И СТЕПЕНИ
В ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ****Х. В. Масимова**

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: письменные памятники, глагол, грамматическая категория, категория залога, категория наклонения, категория времени.

Аннотация. Язык письменных памятников стал связующим звеном между языками средневековья и современным тюркским языком. Исследование конкретных морфологических особенностей памятников имеет большое значение в определении исторической взаимосвязи, формирования и процесса развития среднетюркского и современного тюркского языков. При сравнении языка памятника «Таварих-и мусикиун» (XIX в.) с письменным средневековым и современным уйгурским языками, включая морфологические особенности текстов памятников, выявляется преемственность между старой уйгурским письменным литературным и современным уйгурским литературным языками. В статье также рассматриваются грамматические формы глагола языка памятника «Таварих-и мусикиун». При рассмотрении грамматических категорий глагола в «Таварих-и мусикиун» определяется, что, начиная со второй половины XIX века, уйгурский язык, окончательно отрываясь от литературных традиций старой уйгурского языка, переходит к сближению с современным разговорным уйгурским языком.

Поступила 12.01.2015г.